

Бекітемін

Астана қаласы әкімінің

орынбасары

Айтмухамбетов К.К

Астана қаласының төтенше жағдайлардың алдын алу комиссия

отырысының хаттамасы

Астана қ. 10:00 2016ж.20 мамыр

Төрага- Айтмухаметов К.К.

Катыскандар - Тізім бойынша

1.Су таскын мерзімінің қорытындысы.

1. 1.Коммуналдық шаруашылық басқармасы (Закирьянов Т.К.) төтенше

жағдайлар департаментімен (Дүзакбаев Б.О.) (келісім бойынша) **2016 жылдың 15 маусымына дейінгі**

уақытта 2017 жылға арналған су тасқыны мерзіміне дайындық бойынша жоспар жобасы ұсынылсын. Іс-шаралардың орындалуы мерзімі мен жауапты ұйымды бекіту қорсетілсін.

1.2 Энергетика басқармасы (Мукашев А.О.) 2016 жылдың 1 шілдесіне

дейінгі мерзімде Үркер тұрғын үй комплексінде алдын ала жүргізілген жұмыстар бойынша электр желілері ұшығына, су тасқыны және қардан еріген сулардың тұрғын секторға ұшық арқылы келмейтініне ревизия жүргізілсін.

1.3. Автоқолік және жол басқармасы (Мырзагулов С.Е.) 2016 жылдың 1 қыркүйегіне

дейін Промышленный тұрғын үй комплексі Капал қосесі мен Балуан шолак қосесіне су откізгіш құбырлары салынсын.

1.4. Астана қаласы қоммуналдық шаруашылық басқармасына (Зақарьянов Т.Қ.) осы жылдың **1 қыркүйегіне дейінгі мерзімде** Қорғалжын тас жолы жағынан қарттар үйіне (Есіл және Сарыарқа аудандары) және Газмаш-аппаратура ауданы «Западный» Садовод қоғамы маңына дейін Есіл озені аңғарын кенейту, терендету, тазалау жүргізу.

Осы жылдың 1-ші қыркүйегіне дейінгі мерзімде Кіші Талдықолден

кардан еріген суды Есіл озеніне ағызу үшін, 27 және 31 кошелері бойынша тазарту құрылысы бойынша жұмыстар аяқталсын.

Осы жылдың 1-ші қыркүйегіне дейінгі мерзімде Ш.Бейсекова

кошесі түбінгі тазалау сондай ақ уақытша салынған дамбалардың сондай ақ уақытша слынған дамбалардың қираған жерлерін қалпына келтіре отырып, биіктігін ұлғайту, кенейту түбін тереңдету және құрылыс қалдықтарынан тазалау бойынша қажетті жұмыстар жүргізілсін.

Осы жылдың қыркүйегіне дейін Шығыс Илинькадағы 2-ші секторда

орталық кәріз желілеріне жалғай отырып кәріз құдықтарының құрылысы аяқталсын.

Осы жылдың 1-ші қыркүйегіне дейін Юго Восток ықшам аудандары

(он жағы) Кордай кошесінен Айнакол кошесінен Сарайшық кошесіне дейін «Мастер-2» дүкені аймағында су сорғыш станциясының құрылысы бойынша жұмыстары аяқталып, және пайдалануына жауапты мекеме тағайындалсын.

Осы жылдың 1-ші қарашаға дейінгі мерзімде Достық шағын ауданы

Гольф-клуб жолында жауын-шашын кәрізі желісін орналастыру жұмыстары аяқталсын.

Осы жылдың 1-ші қыркүйек мерзімінде коммуналдық жеке

меншікке Медеу көшесіндегі су сорғыш станциясы және құрылыстың 4 кезектегі жауын-шашын көріз желісі берілсін.

- **Осы жылдың 1-ші қыркүйегіне** дейін Абай даңғылы мен

Джангильдин көшелерінің араларындағы аулалардың ішінен отетін коллектордың қайта құрастырылуы жүргізілсін.

- **Осы жылдың 1-ші шілдеге** дейін Сарыбұлақ (бұлақ) ағысындағы су

откізгіш құбырлары тазартылсын, «Сарыбұлақ қайта құрылысы» салынып жатқан нысанында уақытша жабу демонтажы откізілсін.

- **Осы жылдың 1-ші шілдеге** дейін Кенесары көшесінде көпір асты

құбыры коқыстар мен тұнбалардан тазартылсын.

1.5. Астана қаласы мемлекеттік сәулет - құрылыс бақылау

басқармасына (Кулушев Т.Б.) тұрғын үйлер бөлінген жерлерде отетін арық жүйелерінің қайта қалпына келтіру шаралары қабылдансын.

1. 2. Өрт қауіптілігі кезінде орман шаруашылығы мен жергілікті

атқарушы органдары өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің

дайындығы туралы.

2.1. Астана қаласы табиғи ресурстар және табиғатты қолдану

басқармасы (Сарсенбаев А.З.) **1-ші қазанға дейін** заңға сәйкес, үшінші типтегі «Лесной дозор» ортты алдын алу система құрылғысымен жабдықталған орт химиялық станциясын алуға қаражат боліну мүмкіндігі қаралсын.

2.2. «Алматы», «Есіл», «Сарыарқа» аудан әкімдері (Булекбаев Е.К.,

Мустафин С.С., Кулагин П.С.) «Астана орманы» ЖШС бірлесе (Самамбетов М.Е.) (келісім бойынша) «Астана-Зеленстрой» АҚ (Абильдинов А.З.) (келісім бойынша) **1-ші қазанға дейінгі мерзімде**

сапалы орттен қорғау минералдық жасыл белек аймағындағы жасыл белктің қошет отырызылатын енін 6 метр дейін ұлғайтылсын және автомобильдік, темір жол бойымен жолақ жол қаздырылсын.

-1-ші сәуірге дейінгі мерзімде аудандар аумағындағы қамыстар және

арам шоп өсімдіктері шабылсын.

- Төтенше жағдайлар департаменті (Дүзакбаев Б.О) **1-ші маусым**

дейінгі мерзімде орман шаруашылығының қызметкерлерімен бірлесіп отырып орман ортiне қарсы іс-қимыл жасап, орман ортi салдарына арналған тақырыпта тактикалық арнайы жаттығулар өткізілсін.

3. 2016 жылғы □ жазғы мезгілде қала су-айдындарында адам өмірін қорғау жұмыстарына Астана қаласы қызметтерінің дайындықтары туралы.

3.1. Астана қаласы ішкі саясат басқармасы (Каналимов Е.Е.) 1-ші

шілдеге дейін мерзімде ІІМ 2015 жылдың 19 қаңтар №34 «Судағы қауыпсіздік ережелерін сақтау және суға түсуге рұқсат берілген жерлер» бұйрығы туралы ақпарат халыққа жеткізілсін.

3.2. «Алматы», «Есіл», «Сарыарқа» аудан әкімдері (Бүлекбаев Е.К.,

Мустафин С.С., Кулагин П.С.) Астана қаласы «ОАЖКЖ» ММ Төтенше жағдайлар комитеті, Ішкі істер министрлігі (келісім бойынша) **1-ші маусымға дейінгі мерзімде;**

-су айдындары, суға түсуге демалуға, және де жақын маңындағы

мәдениет ойын-ошақ орталықтары тізімге алынсын;

-қауыпті және демалуга суга түсуге арналмаған су айдындарында

ескерту және суга түсуге тиым салатын белгілер орнатылсын;

-бұрынғы «Газмашаппаратура», «Казмунайгаз» сауда үй орнындағы

арқылы оту, суга түсуге тиым салуга шара колдансын, коршау койылсын;

-КазГЮА ықшам ауданындағы күбырлар мен бетон блоктарына

демонтаж жасалып, коршау орнатылып, суга түсуге тиым салынатын белгілер орнатылсын.

3.3. Астана қаласы Ішкі істер департаменті, жергілікті полиция қызметі

(Малыбаев Б.А.) Астана қаласы «ООАЖКЖ» ММ-мен бірлесе (Даутов О.С.) (келісім бойынша) Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті (Дүзакбаев Б.О.) (келісім бойынша) Астана қаласы аймағындағы су айдындарында үнемі рейдтер мен патрульдеу өткізілсін.

3.4. «Астана қаласы енбекпен қамту орталығы» КММ (Омар О.К.)

Астана қаласы «ООАЖКЖ» ММ (Даутов О.С.) (келісім бойынша) **15-ші шілдеге дейін** жергілікті тұрғындар арасында қоғамдық күтқарушылар дайындалсын, оның ішінде жұмыспен қамтамасыз ету орталығында есепте тұрған адамдар көмегімен бақылауға алынбаған су айдындары участкелері қадағалансын.

4. Қауіпті өндіріс объектілеріндегі кылактандыру жүйесінің калыпы, көпшілік жиналатын объектілер, қала сыртындағы басқарма пункттерінің калыпы оларды дайын калпына келтіру максатындағы арналған іс-шаралар туралы.

4.1. «Алматы», «Есіл», «Сарыарқа», (Булекбаев Е.К., Мустафина

С.С., Кулагин П.С.) аудан әкімдеріне аудандардың төтенше жағдайлар басқармаларымен бірге **1-ші шілдеге дейін** көпшілік жиналатын объектілері, қауіпті өндіріс объектілеріне қарасты заңды түлға иелеріне кылактандыру жүйесі жөніндегі заң талаптары түсіндірілсін.

4.2. Астана қаласы «Аймақтық қорғаныс бригадасы» ҚММ (Қаптағаев

Қ.Қ.) «Астана қаласы Өндірістік шаруашылық кәсіпорын Жаснур» ҚКҚ (Арипбаев Н.Т.) (келісім бойынша) **2016 жылдың 30 мамырына дейін** экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына қалалық және қала сыртындағы басқару орталығын калпына келтіру туралы сұраныс берілсін.

4.3. Экономика және бюджет жоспарлау басқармасы (Жумаев А.А.)

2016 жылдың 20 маусымына дейін қалалық және қала сыртындағы басқару пункттерін дайындыққа келтіру үшін қаражат қарастырылсын.

Хаттаманы жүргізген:

комиссия хатшысы Нуркина А.А.